– повышение мотивации студентов через активные, интерактивные и исследовательские формы обучения;

– подготовку выпускников, способных эффективно работать в условиях высокой динамики международной среды.

Большую роль в междисциплинарном подходе принадлежит истории, которая всегда занимала центральное место в понимании международной политики. Анализ международных конфликтов, дипломатических стратегий, колониального наследия, процессов глобализации и трансформации международных институтов невозможен без учета исторического контекста. При этом преподавание истории в рамках ОП «Международные отношения» должно быть не изолированной дисциплиной, а интегрированной основой, соединяющейся с курсами по политологии, праву, экономике и культурологии. Интеграция исторического подхода позволяет не только глубже понимать причины современных геополитических процессов, но и формирует у студентов критическое мышление, аналитические навыки и способность выявлять закономерности в развитии международной системы.

Новые цифровые технологии открывают широкие возможности для реализации междисциплинарного подхода в обучении. Использование интерактивных платформ, симуляторов дипломатических переговоров, цифровых карт и баз данных международных организаций позволяет на практике соединять исторические знания с анализом текущих событий. Особое значение имеют цифровые гуманитарные технологии (Digital Humanities), которые позволяют визуализировать исторические и политические процессы, проводить анализ больших объемов текстов (например, дипломатической переписки, международных договоров), а также моделировать альтернативные сценарии развития международных отношений. Кроме того, применение искусственного интеллекта, инструментов анализа медиа-дискурса и платформ онлайн-образования (Moodle, Coursera, EdX и др.) способствует развитию самостоятельной исследовательской деятельности обучающихся, расширяет междисциплинарное мышление и формирует навыки, востребованные в профессиональной среде.

Междисциплинарный подход к преподаванию дисциплин ОП «Международные отношения», реализуемый через историческую перспективу и современные технологии, соответствует задачам модернизации высшего образования и потребностям глобального рынка труда. Он позволяет не только повысить качество подготовки студентов, но и заложить основы для формирования нового типа специалиста – аналитически мыслящего, гибкого, способного к принятию решений в сложных и нестабильных условиях мировой политики.

Современная международная среда отличается высокой степенью сложности, динамизма и многополярности. В этих условиях специалист в сфере международных отношений должен обладать не только профессиональными знаниями в области дипломатии, внешней политики и теории международных процессов, но и быть способным к комплексному анализу, учитывать политические, исторические, правовые, экономические, культурные и технологические аспекты мировой политики. Именно поэтому актуальность междисциплинарного подхода в преподавании ключевых дисциплин образовательной программы «Международные отношения» приобретает особую значимость.

В этом отношении такая дисциплина как «Теория международных отношений», в основе которой лежит взаимодействие различных научных школ и подходов – от реализма и либерализма до конструктивизма и постколониализма. Эффективное преподавание данных дисциплин требует привлечения материалов не только истории, политологии, философии, социологии, политической психологии, экономики и права, но специальных дисциплин. Например, анализ международных конфликтов невозможно ограничить только рамками политологии – требуется понимание психологических мотивов лидеров, экономических интересов сторон и культурных факторов. Использование междисциплинарных методов позволяет студентам не только лучше понять сложные теоретические конструкции, но и применить их к исследованию реальным ситуациям мировой политики, повысив аналитическую гибкость и критическое мышление.

Преподавание истории международных отношений должно носить не только описательный, но и аналитический характер. История в данном контексте является не просто фоном, а методологической основой, необходимой для выявления закономерностей в развитии международной системы. Интеграция истории с теорией, международным правом, экономикой и культурологией позволяет рассматривать события прошлого сквозь призму современных проблем. Например, изучение Ялтинско-Потсдамской системы или Холодной войны может быть дополнено анализом правовых основ международной безопасности и роли медиа в формировании образа «врага».

Дипломатия и внешняя политика государства – это дисциплины прикладного характера, но они требуют преподавания с опорой на широкий круг знаний. Здесь особенно важна интеграция с курсами по международному праву, экономике, политической этике и даже публичной коммуникации. Междисциплинарный подход позволяет обучать студентов на конкретных кейсах: от классических дипломатических прецедентов до современных переговорных процессов в условиях гибридных конфликтов и цифровой дипломатии. Использование симуляционных игр, моделирования переговоров, анализа речей государственных деятелей способствует формированию профессиональных компетенций.

Применение цифровых ресурсов, интерактивных платформ, мультимедийных архивов, а также систем анализа больших данных усиливает междисциплинарную направленность преподавания. Например, использование систем визуализации геополитических изменений, анализа дипломатической переписки или интерактивных карт политических альянсов делает обучение более наглядным и вовлекающим.

Таким образом, междисциплинарный подход в преподавании теории и истории международных отношений, дипломатии и внешней политики государства позволяет формировать у студентов целостное представление о природе международных процессов. Он способствует не только более глубокому пониманию изучаемых дисциплин, но и развитию навыков, необходимых для работы в условиях неопределённости, многообразия культур и интересов, а также быстрой трансформации мировой политической повестки.

Такая модель подготовки способствует формированию профессионалов нового типа – гибких, аналитически мыслящих, готовых к принятию решений в сложной и постоянно меняющейся международной среде.

Примером интегрированного формата преподавания выступает геополитика, представляющая собой синтез географии, истории и политического анализа. Преподавание геополитики невозможно без интеграции данных из политической географии, стратегических исследований, истории международных конфликтов и экологических исследований. Междисциплинарный подход позволяет студентам понимать, как физическое пространство, доступ к ресурсам, климатические изменения и инфраструктурные проекты (например, морские пути, трубопроводы, цифровые коридоры) влияют на поведение государств и формирование альянсов. Использование картографического анализа, ГИС-технологий, цифровых симуляторов расширяет аналитические возможности студентов и делает курс не только теоретически насыщенным, но и практически ориентированным.

«Современная система международных отношений» интегрирует в себе теорию, историю, политологию и право, которая требует системного понимания процессов, происходящих в международной политике, особенно в эпоху постбиполярного мира. В междисциплинарном контексте преподавание должно сочетать теоретические подходы (реализм, либерализм, конструктивизм) с анализом исторических этапов развития международной системы, международно-правовыми нормами, а также экономическими индикаторами влияния (ВВП, экспортно-импортные зависимости, валютные режимы и пр.). Это позволяет обучающимся формировать комплексное представление о структурах власти и механизмах взаимодействия государств в условиях глобализации.

Дисциплина «Современные проблемы международных отношений» направлена на глобальный и межотраслевой анализ таких проблем, как изменение климата, транснациональная преступность, кибербезопасность, миграция и неравенство, лежат на стыке множества дисциплин. Их невозможно анализировать только в политическом контексте. Необходимы знания из экологии, экономики, международного гуманитарного права, демографии и информационных технологий. Преподавание с междисциплинарной основой позволяет студентам не только понимать природу этих проблем, но и оценивать возможные пути их решения с опорой на реальные инструменты международного сотрудничества.

Изучение дисциплины «Современные конфликты и их урегулирование» предполагает использование знаний права, психологии, политологии, дипломатии, истории и теории международных отношений, медиа и миротворчества. Конфликты в международных отношениях не ограничиваются военными действиями. Они охватывают сферы идеологии, экономики, религии и культуры. Для их анализа и урегулирования требуются знания из конфликтологии, социологии, международного гуманитарного и уголовного права, а также коммуникационных технологий. В междисциплинарной парадигме особую роль играет изучение практик миротворчества, переговорных стратегий, а также влияния медиа и информационных войн на восприятие конфликтов.

Дисциплина «Мировой интеграционный процесс и международные организации», «Многосторонняя дипломатия» требует знания экономики, права, культурологии, истории международных отношений. Изучение процессов интеграции требует понимания международного экономического права, торговых режимов, функционирования международных институтов (ООН, ВТО, ЕС, ШОС и др.), а также культурных и цивилизационных различий, влияющих на эффективность сотрудничества. Междисциплинарный подход позволяет рассматривать международные организации не только как юридические конструкции, но и как политические арены, где пересекаются интересы государств, корпораций и неправительственных факторов.

Современное образование в области международных отношений требует интеграции знаний из различных дисциплин – политики, экономики, права, истории, культурологии и даже экологических наук. В условиях растущей глобализации и усложнения международной повестки, применение междисциплинарного подхода становится необходимым для подготовки конкурентоспособных и всесторонне развитых специалистов. Это требует и соответствующего обновления методов преподавания. Междисциплинарный подход в преподавании международных отношений требует гибкости, интеграции различных методов и активного участия обучающихся. Он способствует формированию у студентов целостного понимания мировой политики и повышает их готовность к работе в сложной и взаимосвязанной международной среде.

Проблемно-ориентированное обучение позволяет студентам работать с реальными международными кейсами, анализируя их с разных дисциплинарных позиций. Например, при изучении конфликта в определённом регионе обучающиеся анализируют его с точки зрения истории, международного права, геополитики, экономики и культурных различий. Это развивает аналитическое мышление и способствует формированию комплексного взгляда на международные проблемы.

В рамках проектного метода студенты работают над долгосрочными исследовательскими или прикладными проектами, например, разрабатывают стратегию международного сотрудничества по вопросам экологии или безопасности. Проекты могут включать в себя элементы политологии, экономики, международного права и других дисциплин, объединённых общей темой.

Использование кейсов из реальной международной практики (например, действия ООН в различных странах, экономические санкции, международные соглашения и т.д.) позволяет студентам изучать ситуации с разных точек зрения. Это способствует развитию навыков принятия решений в условиях неопределённости, типичной для международной сферы.

Проведение интегрированных семинаров с участием преподавателей разных дисциплин (например, юрист и экономист) способствует формированию у студентов навыков работы с мультидисциплинарной информацией. Такие семинары учат студентов видеть связи между разными сферами знаний и применять их на практике.

Моделирование переговоров, заседаний международных организаций (Модель ООН, Модель ЕС и т.п.) – эффективный метод междисциплинарного обучения. Участники должны учитывать не только политические, но и экономические, правовые и культурные аспекты при разработке своих позиций.

Метод сценарного анализа и форсайт-исследований позволяют студентам разрабатывать возможные сценарии развития международных событий, который требует привлечения знаний из разных дисциплин. Такой подход помогает обучающимся вырабатывать стратегическое мышление и оценивать долгосрочные последствия международных решений.

Использование онлайн-курсов, вебинаров и цифровых симуляторов позволяет студентам изучать темы, выходящие за рамки одной дисциплины, а также взаимодействовать с обучающимися и преподавателями из других областей знаний.

**ЗАКЛЮЧЕНИЕ**

Междисциплинарный подход в преподавании дисциплин, формирующих ядро образовательной программы «Международные отношения», – это не просто тренд, а необходимое условие подготовки специалистов, способных мыслить системно, действовать гибко и эффективно анализировать глобальные вызовы. Такой подход способствует формированию у студентов практико-ориентированных компетенций, развивает их критическое мышление и готовит к профессиональной деятельности в сложной и быстро меняющейся международной среде.

**_К.М.НАУАНОВА,_**
_к.ф.н., ст.преподаватель ОП «Социальные науки»,_
**_Г.Н. ЕСЕЕВА,_**
_ст.преподаватель ОП «Социальные науки»_

# МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ КӘСІБИ МЕРЕКЕ





**2024 жылдан бастап елімізде 1 қазан – Жоғары білім беру қызметкерлері күні ресми түрде аталып өтуде. Бұл мереке — жоғары оқу орындарында абыроймен еңбек етіп, жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беріп жүрген ұстаздар және қызметкерлерге деген ерекше құрмет пен ризашылық күні. Осыған орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде кәсіби мереке кең көлемде атап өтілді. Апта бойы факультеттер мен бөлімшелерде ұстаздарға арналған түрлі мерекелік іс-шаралар, шығармашылық концерттер, спорттық жарыстар мен тосын сыйлар ұйымдастырылды.**

Студенттер өз ұстаздарына жүрекжарды тілектерін арнап, өлең оқып, ән айтып, би билеп, ерекше атмосфера орнатты. Мерекелік көңіл-күй университет қабырғасын ерте бастан шарпыды! Апталықтың қорытындысы ретінде өткен салтанатты марапаттау рәсімінде ғылым мен білімнің дамуына зор үлес қосқан оқытушылар мен қызметкерлерге «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі мен алғыс хаттар табысталды. Университет ректоры Нұрлан Серғалиев өз құттықтау сөзінде: «Біздің ұстаздар мен ғалымдар – жоғары білім беру жүйесінің тірегі. Сіздердің еңбектеріңіз еліміздің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды миссияны атқарады», – деп атап өтті. Мерекелік концерт барысында университеттің студенттері мен ұжымдары сахна төрінде өз өнерлерін паш етті. Күй күмбірлеп, ән мен би өрнектелген кеш көрермендерге шаттық пен шабыт сыйлады.





**Ұстаз – білім мен тәрбиенің шамшырағы, шәкірттің болашағына бағыт беретін рухани жетекшісі. Университет қабырғасында әрбір оқытушы тек дәріс беруші ғана емес, студенттің тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін бағыттаушы. Осындай қадірлі маман иелеріне деген алғыс пен құрметін білдіру мақсатында куратор, аға оқытушы, магистр Г.Е.Жұмағалиеваның жетекшілігімен Мәдениет және өнер факультетінде, мәдени-тынығу жұмысы БББ 1-курс студенттері Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлеріне күніне орай «Ұстазға мың тағзым» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Бұл іс-шара – оқытушыларға деген шынайы ризашылықтың, өнер мен ізгі тілектердің мерекесіне айналды.**

# ҰСТАЗҒА мың тағзым

Концерттік кешті студенттер хор орындауымен бастады. Әсем үнмен шырқалған «Ұстазым менің» әні барша көрерменнің көңілін толқытып, кештің шымылдығын ерекше әсермен ашты. Кеште алғашқы құттықтау сөз мәдениет және өнер факультетінің деканы Қ.Р.Қажымоваға жолданды. Ұстаздарға арналған бұл мерекелік концерт – студенттердің жүрекжарды алғысы мен ризашылығын жеткізудің тамаша үлгісі болды. Ән, би, өлең мен құттықтаулар арқылы ұстаздар қауымы ерекше көңіл күй мен шабытқа бөленді. Осындай іс-шаралар білім ордасындағы ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысты нығайтып, рухани құндылықтардың бағасын арттыра түседі.

*Жанеля ЖАСҚАЛАМ,*
*МТЖ-11 студенті*





**В Университете Махамбета в особой атмосфере радости прошёл традиционный праздник — «Посвящение – 2025». Это одно из самых ярких событий нового учебного года — момент, когда первокурсники делают свой первый шаг в настоящую студенческую жизнь и становятся частью большой университетской семьи.**

# «ПОСВЯЩЕНИЕ - 2025»



На сцене звучали зажигательные песни, танцевальные номера и весёлые интерактивы. Специальными гостями вечера стали исполнители DD Records — JazzDauren, AlinaGerc, а также Orta production которые подарили зрителям шоу и современное звучание. Их энергия и драйв буквально взорвали зал, оставив незабываемые эмоции и море позитива! Финалом вечера стал яркий салют, озаривший небо над кампусом и поставивший красивую точку в праздничной программе.

# Ауылдағы естеліктер: Айсұлу Қадырбаевамен кездесу

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ақын, қоғам қайраткері Айсұлу Қадырбаевамен «Барып қайт, балам ауылға» атты тағылымдық кездесу іс-шарасы өтті. Кездесу кешін модератор филология факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор, PHd доктор А.А. Ақболатов жүргізді.**

Ақын Айсұлу Қадырбаева биыл 75 жасқа толғалы отыр. Ол - тек ақын ғана емес, сонау кеңестік кезеңнің жариялылық кезеңінен бері өзінің азаматтық тұлғасымен танылған қайраткер, көрнекті тұлғалардың бірі. Оның шығармашылығы қазақ халқының рухани әлемін, ұлттық мүдде мен тәрбиенің, ұлттық рухтың көрінісіндей адамгершілік ар-иманды бір-бірімен тығыз байланысын терең түсіндіреді. Ақынның шығармашылық мұрасы өзінің терең философиялық ойларымен және көркемдік шеберлігімен ерекшеленеді.

Айсұлу Қадырбаева - ақын, публицист, қоғам қайраткері. Оның шығармашылығы ұлттық рух, туған жер, имандылық, қоғамдағы әділеттілік мәселелеріне арналатын толғаулар мен өлеңдерден тұрады. Оның қоғамдық қызметі, әсіресе 1991 жылғы Оралдағы рухани, әрі саяси әрекеттері, қоғамда қазақ халқының азаматтық санасы мен ұлт мүддесін қорғау ұстанымдарына үлгі болды. Шығарған кітабы, сондай-ақ таңдамалы жинақтары әдеби ортада жоғары бағаланып, оның шығармашылығы оқырман арасында кеңінен таралған.



Кездесудің басты мақсаты – ақын Айсұлу Қадырбаеваның қайраткерлік, ақындық тұлғасын, оның шығармаларының тәрбиелік және танымдық мәнін жас ұрпаққа тереңірек насихаттау, таныстыру. Кездесуге бастама болған филология факультеті бұған дейін, 2019 жылы ақынның шығармашылық мұрасын ғылыми жоба аясында ф.ғ.к., доцент З.Мұтиев монографиясында кеңінен зерттелген болатын.

Кездесу барысында студенттер ақынның өлеңдерін оқып, «Барып қайт, балам ауылға» өлеңіне жазылған әнді шырқады. Ақын өзінің ғұмырнамасынан, саяси күрескерлік жолынан естелік әңгімелер айтты. Студент жастармен терең мағыналы сыр-сұхбат өтіп, ақын жастарға өзінің аналық ақ батасын берді.

Кездесу барысында университет ректоры, профессор Н.Х. Серғалиевтың атынан алғыс хат пен гүл шоқтары табыс етілді.

***Альбина АХАНОВА,***
*Филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

# «Поэт открытого пространства... »

**В Западно-Казахстанском университете студенты, магистранты русской филологии вместе с доцентом Г.С.Умаровой провели мероприятие «Абай и мировая литература», приуроченное 180-летию Абая.**

**В стенах ЗКУ прошло мероприятие, посвящённое творчеству Абая Кунанбаева, получившее известность не только среди своего народа, но и на мировом уровне. Наследие казахского классика оказало большое влияние на всю литературу Казахстана, исследователи до сих пор продолжают изучение его творчества.**

В начале мероприятия вниманию студентов и преподавателей была представлена небольшая постановка на основе произведения «Путь Абая», в которой зрителям были показаны сцены из жизни поэта. После постановки студенты разных курсов обучения прочитали стихотворения поэта. Одно из них – «И стану вновь землёй». Стихотворения читались как в оригинале – на казахском, так и в переводе на русский, английский языки.

Затем студенты филологического факультета совместно со студентом ОП по подготовке учителей музыки Асхатом Байдаулетовым вместе с залом исполнили песню «Көзімнің қарасы», которая является первым песенным признанием любви в истории казахской культуры.

Далее с лекцией «Абай и мировая литература» выступила доцент Умарова Гульнара Сидегалиевна. В рамках этой лекции было вкратце рассказано о том, какое место занимает творчество Абая Кунанбаева в современном мире. Наследие поэта в данный момент актуально не только у нас, оно получило известность даже за рубежом, где ранее творчество казахских акынов было совсем неизвестно. Такой успех является результатом того, что Абай был включён в несколько культур одновременно, в родную, казахскую, в восточную, а также в русскую (переводил произведения Пушкина, Лермонтова, Крылова, Бунина) и европейскую (через перевод стихотворений Гёте, Байрона на русский Абай знакомит казахских поклонников поэзии с немецкой и английской лириков).

Говорилось о переводах поэзии Абая на другие языки мира, что было присущи многим поэтам других литератур, что неудачные переводы породили несоответствие в восприятии между казахскими и иностранными читателями. Приводились мысли профессора Х.Х.Махмудова о важности перевода хотя бы «нескольких произведений Абая на Абаевском уровне» на языки народов мира, «то безусловно Абай Кунанбаев занял бы своё место на пьедестале среди великих представителей Европы, и всего мира». Умаровой Г.С. обращалось внимание и на то, что не избежало неудачного перевода прозаическое произведение классика «Қара сөздер». Как отмечает лектор, «к большому сожалению, перевод не смысловой, а буквальный. «Қара сөздер», по словам доцента, не книга наставлений, а «книга мудрости». Более удачным, по Умаровой Г.С., этих философских рассуждений, является вариант Р.Сейсенбаева как «Книги Слов». Поэт делится со своим читателем своим жизненным опытом, мыслями о прожитом и пережитом, надеясь, что внимательному читателю думы поэта помогут разобраться в жизненных вопросах, в нравственных ценностях в любую эпоху.

Всё же, как отмечает, Г.С.Умарова, мировой читатель знает об Абае благодаря переводу романа М.О.Ауэзова и произведений поэта на 116 языков.

Сам же Абай, по словам чешского литературоведа А.Костан, передавал свои вольные переводы восточных, русских, европейских поэтов, мыслителей, удивительные приключения «Трех мушкетеров» А.Дюма и сатирические эпизоды «Хромого беса» Лесажа, на родном языке десяткам сказителей – те потом разносили их по самым отдаленным уголкам и у пастушеских костров прокладывали им путь к сотням, а потом и тысячам новых внимательных и благодарных слушателей… А те – сотням, последние – тысячам казахских ценителей поэтического слова и литературы.

Религиозному фанатизму, как пишет А.Костан, он противопоставил *стремление понять человека, как творение божье*; фанатизму националистическому – *дружбу всех народов, на каком бы языке они не говорили.*

Несмотря на тонкости в переводческом деле, Абая знают во всём мире. Чешский исследователь поэзии Абая Людек Гржебичек утверждает, что «от поэзии Абая, от его переводных произведений, хоть и есть в них повторы слов и клише, но при этом в них нет скуки. От поэзии Абая *захватывает дух*» иностранцев.

Переводчик произведений Абая на китайский язык Хабай считает, что Абаю удалось стать основоположником новой «*казахской блистательной классической поэзии*».

Автор изданной в Пекине монографии «Три вершины Чингисских гор – Абай, Шакарим и Мухтар» Су Чжоу Сюнь называет Абая *«талантом мирового значения»*.

Американец Томас Виннер называет казахского классика «***интеллектуальным лидером прошлого***», "единственной религией" которого «СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ МОРАЛИ».

Абай действительно является важной фигурой в истории казахской классической литературы, и с каждым годом его влияние простирается не только на родную страну, но и на весь мир. Лекция закончилась пожеланием студентам быть включенными в несколько культур сразу, как и Абай был в неё включенным когда-то; стремясь по-новому открывать художественный мир казахского классика.

В аудитории, где проходило мероприятие, были продемонстрированы стенды с книгами писателя и исследовательские работы под общим названием «Творчество Абая», с которыми студенты и магистранты могли ознакомиться.

***Николай ПАНФИЛОВ,***
*Фил-32*

# ВСТРЕЧА С ЭКСПЕРТОМ: СТРАТЕГИИ УСПЕШНОГО ПОЗИЦИОНИРОВАНИЯ БРЕНДА

**1 октября была организована встреча с экспертом-практиком по стратегическому маркетингу Уристемовой Фарданой Рашидовной на тему «Где с точки зрения бизнеса находятся брендинг и маркетинг» для студентов 3 и 4 курсов образовательной программы Маркетинг и бизнес». Эксперт поделилась профессиональным опытом и реальными примерами, позволяющими глубже понять роль маркетинга и брендинга в современном бизнесе.**

Студенты активно участвовали в дискуссии, задавали вопросы, связанные с практическим применением инструментов маркетинга и брендинга в бизнесе, а также получили рекомендации по построению карьерного пути в этой сфере. Участники встречи обсудили примеры успешных компаний, которые благодаря грамотному позиционированию бренда и системному маркетингу сумели завоевать лояльность клиентов и укрепить свои позиции на рынке. Встреча прошла в живой и продуктивной атмосфере. Организаторы: преподаватели ОП Бизнеса, управления и туризма Чудрова В.У., Черемухина О.В, Антонова Н.М.



# Туриада – 2025

**Туризм білім беру бағдарламасы студенттері үшін 27 қыркүйек күні ең ерекше күндердің бірі. Себебі дәл осы күні халықаралық туризм күні. Осыған орай «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығында, әсем табиғат аясында «Туриада–2025» атты туристік іс-шара өткізілді. Бұл шараны Тарих, экономика және құқық факультеті, «Бизнес, басқару және туризм» білім беру бағдарламасы оқытушылары Ж.Н.Сәкенов пен З.Ж.Талгатова және Туризм білім беру бағдарламасының 2–4 курс студенттері бірлесіп ұйымдастырып, шараға факультеттің барлық 1-курс студенттері қатысты.**

Табиғаттың таза ауасы, күздің шуақты күні, көңілді жүздер мен командалық рух — барлығы да «Туриаданың» ерекше атмосферасын қалыптастырды. Таңертеңнен бастап студенттер белсенді түрде дайындалып, шаттықпен жарыстарға қатысып, туристік кедергілерден өту, жасанды жартасқа міну, шатыр тігу, от жағу, алғашқы көмек көрсету сынды түрлі сынақтардан өтті. Бұл — тек жарыс емес, өзіміздің мамандығымызды іс жүзінде сезінудің тамаша мүмкіндігі болды.

«Туриада–2025»-тің басты мақсаты – студенттердің кәсіби дағдыларын дамыту, ұйымдастырушылық қабілетін арттыру және командалық жұмысқа үйрету еді. Әр команда өз шеберлігін көрсетіп, өзара түсіністік пен қолдаудың қаншалықты маңызды екенін дәлелдеді.

Іс-шара соңында ең үздік қатысушылар мен командалар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бірақ көпшілігіміз үшін ең үлкен марапат — сол күнгі әсер, шаттық пен ұмытылмас сәттер болды.

Мен үшін бұл туриада — жай ғана бір күндік іс-шара емес, студенттік өмірдің ең әсерлі, ең шынайы естеліктерінің бірі. Сол күні мен туризм мамандығын таңдағаныма тағы бір рет қуандым. Себебі дәл осындай сәттерде біз өз саламыздың рухын, бірліктің қуатын және табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің әсемдігін сезінеміз.

***Фатима ЗАКАРИЯ,***
*Тарих,экономика және құқық факультеті,*
*Туризм білім беру бағдарламасының 2 курс студенті*

# ҰСТАЗДЫҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ БОЛСА ИГІ



Мемлекет басшысы Жолдауы - еліміздің жаңа кезеңдегі даму векторы, болашаққа сенімді бағдарымыз. Президент: ***«Бүгінде Қазақстан жаңа дәуірге аяқ басты. Бұл – технологиялық, экономикалық және саяси серпіліс кезеңі»*** деп атап өтті. Бұл - еліміздің өзгерістерге дайын екенінің, ал халықтың осы өзгерістерге бастамашы болуға лайық екенінің дәлелі. Білім беру мен кадр дайындау саласы - Жолдаудың маңызды бөлігі. Елімізге білімді, білікті маман керек. Мәселенің бірі - қазіргі таңда азаматтардың білім алып, өз мамандығы бойынша жұмыс жасамауы. Бұл мәселені қалай шешеміз? Менің ойымша, біріншіден, оң-солын танымайтын балаға ата-анасының бағдары қажет. Ата-ана бағдарды қалай береді? Баланы түрлі үйірмелерге апару, жаңа қырынан жетілуіне мүмкіндік жасау - басты шешім. Ол өзін танып, өзін табуы керек. Сол арқылы болашақ ұрпақ, болашақ ел азаматы өзіне не керегін нақты біліп өседі. Өзі қалаған, жаны сүйген мамандықта оқиды. Бастысы кейін құштарлана, махаббатпен өз ісін білікті маманы болады. Осы бір мәселені қолдау, қолға алу мұғалімдерге де қатысты. Яғни, осы шақтың ұстаздары, болашақтың ұстаздары бола отырып алдымызға келген кішкентай бүлдіршінді көзінен тани білуіміз керек. Тек санаға ғана емес, сапасына қызмет ету басты міндет. Білім алу жолында студент ретінде тек өз жан қалауымды ғана емес, бірнеше баланың тағдырына да жауапты ұстаз боларымды шын сезінемін. Бұл – жастарды тек диплом үшін емес, нақты кәсіп пен шеберлік үшін оқыту қажеттігін көрсетеді. Өз ісіне сеніммен қарайтын, нақты шешім шығаратын, сөзі шоқты, көзі отты азаматтардың көбеюіне жұмыс жасау - әр ұстаздың өмірлік ұстанымы. "Болашақ жастардың қолында" дегендей, әр өскелең ұрпақ, яғни, біз Жолдауда айтылған реформалардың жасалуына, ел дамуына өз үлесімізді қосуымыз қажет. Президентше түйіндесек, тәуелсіздігіміздің баянды болуы - ел ішіндегі бірлік пен тұрақтылыққа байланысты. Тәуелсіздік – бізге берілген мұра емес, ол – әр күн сайын сақтауды қажет ететін қасиетті аманат. Президент Жолдауы – мемлекеттің алдағы жылдардағы басты бағыты. Әр азамат, әр маман өз саласында тың серпін таныта, реформалар нәтижелі болады. "Бірлік бар жерде тірлік бар". Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

***Меруерт Қарлыбай,***
*филология факультетінің ІІІ курс студенті*

# ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ПАТРИОТИЗМНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ



Жолдаудың басты идеясы - қазіргі жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары қарқынды дамып жатқан заманда жастардың осы өзгерістерге дайын болуы және оларды ел игілігі үшін тиімді пайдалана білуі. Жасанды интеллект – XXI ғасырдағы ең өзекті және ықпалды технологиялық жетістіктердің бірі ретінде танылуда. Жастардың жасанды интеллект саласындағы дағдылары мен меңгеруі стратегиялық маңызға ие. Ол – жастардың кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, еліміздің тұрақты дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің маңызды алғышарты. Мемлекет басшысы: ***«Жастар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық. Жастардың елді сүюі халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастау»*** деп түйіндеді. Жастар Қазақстанды дамыған, көркейген мемлекет ретінде көргісі келеді. Заманауи технологияларды меңгеріп, халқымызды озық ойлы ұлттардың қатарына қосуға талпынады. Қазіргі жаһандану дәуірінде жастар патриотизмі тек рухани бағытта емес, елдің интеллектуалды, экономикалық дамуына қатысу арқылы көрініс таппақ. Жасампаздық пен жаңашылдық патриотизмнің жаңа формуласы ретінде қарастырылады. Жастар елін сүюді тек сөзбен емес, өз еңбегімен, жобаларымен, идеяларымен көрсетпек. Демек, қазіргі патриотизм - инновациялық технологияларды енгізу, цифрлық даму, жасанды интеллектіні меңгеру арқылы елге пайда әкелу. Бұл ретте жастардың тың идеялары мен шығармашылық әлеуеті ерекше рөл атқарады. Қазақстан жастарының жаһандық еңбек нарығында өз орнын табуы үшін білім мен дағды, бейімделгіштік пен икемділік секілді қасиеттердің маңызы арта түсуде. Әлемдік стандарттарға сай келетін білім беру жүйесі, академиялық ұтқырлық, шет тілдерін меңгеру еңбек нарығындағы артықшылықтарға жол ашады. Жастардың жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы - бұл тек жеке тұлғалық даму емес, елдің экономикалық және зияткерлік әлеуетін арттыру жолындағы маңызды бағыт. Президент: ***«Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа шынайы ұмтылыс. Бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Мен мұны толықтай қолдаймын. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін. Сондықтан ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарға әрдайым жан-жақты қолдау көрсете береміз»***- деп ел болашағы біздерге зор сенімі мен қолдауын білдіреді. Демек, әр ойға алынған жобалар мен мемлекеттік маңызы бар істердің бәрі келешек үшін, жалынды жастар үшін. Хакім дана Абай атамыз «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» демей ме?! Біздің тұлға болып қалыптасуымызға Мемлекет басшысының да әсері мол боларын, оның қолдауының маңызы үлкен рөл ойнайтынын айтқым келеді. Цифрлық құзыреттілігі дамыған, патриот, ЖИ-ді толық меңгерген, сапалы білім, саналы тәрбие алған Махамбет жастары Жолдауда артылған үмітті ақтайды, ел ертеңіне үлес қосады деп сенім білдіремін.

***Айнара МАРАТҚЫЗЫ,***
*педагогика факультетінің IV курс студенті,*
*А.С.Пушкин атындағы арнаулы шәкіртақы иегері*

# ЭКОЛОГИЯ – ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Президент: ***«Экология – ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі. Табиғатты қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы»*** деді. Бұл сөздер тек мемлекеттік органдарға ғана емес, әрқайсымызға үлкен жауапкершілік жүктейді. Президенттің: ***«Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда. Судың 40 пайызы құмға сіңіп жатыр. Бұл салада басқа да түйткілдер аз емес. Атап айтқанда, инфрақұрылым әбден тозған. Сондай-ақ, автоматтандыру және цифрландыру деңгейі төмен. Ғылыми негіздеме жоқ, мамандар тапшы. Бұл мәселелерді шешу үшін Үкімет жанындағы Су кеңесінің жұмысын жандандыру қажет, білімді сарапшыларды жұмысқа тарту керек. Қажетті мамандарды даярлау үшін бұл саладағы іргелі әрі мықты жоғары оқу орнын анықтаған жөн. Су саласын дамытудың үш жылдық жобасын әзірлеу керек»*** деуі де орынды. Бұл мәселелер – ел болашағы үшін ең өзекті салалар. Өйткені су тапшылығы тек ауыл шаруашылығына емес, халықтың тұрмысына, өнеркәсіптің дамуына және экожүйенің сақталуына тікелей әсер етеді. Шын мәнінде, су – стратегиялық ресурс, оны ысырапсыз пайдалану – әрбір азаматтың міндеті. Мемлекет басшысы: ***«Жасыл экономикаға көшу – уақыт талабы. Біз көміртек шығарындыларын азайтып, баламалы энергия көздерін дамытуымыз керек»*** деп нақты міндет қойды. Бұл - Қазақстанды экологиялық тұрғыдан таза әрі заманауи мемлекетке айналдыруға бағытталған стратегиялық шешім.



Жолдауда орман алқаптарын ұлғайту, жайылымдарды қорғау, жерді шөлейттенуден сақтау, тұрмыстық қалдықтарды өңдеуді жетілдіру мәселелері де көтерілді. Президенттің: ***«Біздің табиғи байлығымыз – ұрпаққа аманат. Оны қорғау – мемлекет пен қоғамның басты міндеті»*** деген ойы экологиялық мәдениетті дамытуға ерекше серпін береді. Қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау - ұлттық идеологияның өзегі. Былтырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Осы жұмысқа миллиондаған азаматымыз атсалысуда. Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жасыл ел болмақ. Бұл - келешек ұрпаққа керемет үлгі-өнеге және өсиет.

Меніңше, Президент Жолдауында айтылған экологиялық бастамалар – халқымыздың келешегіне жол ашатын аса маңызды қадамдар. Бұл бастамалар – халқымызға аманат етілген табиғи байлықты сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған игі іс. ***Осы салаға үлес қосалық, студент!***

***Амина АҚБЕРЛИЕВА,***
*жаратылыстану-география факультетінің IV курс студенті*

# ЖАСТАРЫМЫЗ – ЕЛ ТІРЕГІ



Жолдаудың басты мақсаты – тұрақты дамуды қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру және елдің болашағын айқындау. Президент тарапынан халқымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау және жаңа дәуірдің талабына сай жасанды интеллект пен цифрландыруды ел өміріне енгізу мәселесі баса айтылды. Басты бағыттың бірі – жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу. Бұл – жай ғана сәнді сөз емес, заман талабы. Жасанды интеллект медицинада науқастарға дер кезінде диагноз қоюға, білім саласында жеке оқыту жүйесін қалыптастыруға, өндірісте өнімділікті арттыруға, ауыл шаруашылығында жаңа әдістерді енгізуге үлкен мүмкіндік береді. Яғни, ол – біздің өміріміздi жеңілдететін, уақытты үнемдейтін, экономиканы күшейтетін қуатты құрал. Алайда жасанды интеллект дайын күйде келмейді. Оны іске асыратын – білімді, еңбекқор, алғыр жастар. Сондықтан бүгінгі жастарға қойылатын басты талап – заманауи білімге ұмтылу, цифрлық сауаттылықты арттыру, жаңа технологияларды меңгеру. Президентіміз айтқандай, Қазақстан үш жылдың ішінде толыққанды цифрлық елге айналуы тиіс. Мұны жүзеге асыру – біздің буынның қолында. Технологияны дамыту – дамудың тек бір қыры ғана. Жастарымыздың отансүйгіш болуы – мемлекет тірегі. Отанды сүю дегеніміз- тек ұрандату емес, ол – туған жерді қорғау, ана тілін қадірлеу, елдің игілігі үшін адал еңбек ету. Егер әр жас өз кәсібінде үздік болып, еліне пайдасын тигізсе, ол – нағыз отансүйгіштік қасиет деп білемін. Біз еңсемізді тік ұстап, жаңашылдыққа батыл қадам жасасақ, міндетті түрде табысқа жетеміз. Отанды сүйген әр жас цифрлық дәуірдің мүмкіндіктерін пайдаланып, елдің дамуына үлес қосуға тиіс. Сонда ғана Қазақстан әркениетті елдердің алдыңғы қатарынан саналады. Меніңше, патриотизм мен жасанды интеллект – бір-бірінен бөлек қаралмайтын ұғымдар. Елін сүйген әрбір жас жаңа технологияларды игеріп, оны ел дамуына жұмсауы тиіс. Президент Жолдауында айтылған патриотизм мен жасанды интеллект мәселелері – елдің болашағына бағытталған стратегиялық қадам. Біз, жастар, осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланып, елімізді жаңа биікке көтеруге үлес қосуымыз қажет.

***Айсана ҚАНАТҚЫЗЫ,***
*филология факультетінің ІІ курс студенті*

# БУДУЩЕЕ В НАШИХ РУКАХ



Сегодня мы стоим на пороге новой эпохи - эпохи искусственного интеллекта. Казахстан активно развивает цифровые технологии, и именно искусственный интеллект становится одним из ключевых направлений. Уже сейчас ИИ внедряется в образование, бизнес и государственное управление. Подтверждение тому - прибытие в нашу страну самого мощного в Центральной Азии суперкомпьютера. Он собран на новейших графических чипах NVIDIA, разработанных специально для задач искусственного интеллекта и высокопроизводительных вычислений. Но важно так же не забывать об вопросе безопасности и конфиденциальности. Именно поэтому Глава государства в своем Послании подчеркнул важность разработки и принятия Цифрового кодекса. Для нас, студентов, это не просто новое направление - это возможность быть в авангарде перемен. Казахстану нужны новые исследователи, инженеры, программисты и аналитики, которые будут создавать интеллектуальные системы, улучшать жизнь людей и усиливать конкурентоспособность нашей страны на мировой арене.

Развитие ИИ невозможно без нашего участия. Именно мы будем создавать алгоритмы, обучать модели, внедрять инновационные решения в университетах, школах, компаниях и государственных структурах. И сейчас самое время учиться, участвовать в проектах, хакатонах, олимпиадах и стартапах, осваивать новые навыки. Мы должны доказать, что Казахстан может не только использовать готовые технологии, но и стать страной, где рождаются уникальные идеи в сфере искусственного интеллекта. Будущее цифрового Казахстана - в наших руках!

***Дулат АҚБОЛАТОВ,***
*студент IV курса физико-математического факультета*

# АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ: ПРОФЕССОРЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР ЕРКІН ФОРМАТТА ПІКІР АЛМАСТЫ

**М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде Ақтау қаласынан келген қонақтармен мазмұнды кездесу өтті. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінен келген делегация құрамында математика, физика және информатика салалары бойынша танымал профессорлар – Эльмира Абдыкеримова, Асет Туркменбаев және Базаргүл Кулжагарова болды.**




Кездесу достық әрі еркін пікір алмасу форматында ұйымдастырылып, студенттер мен профессорлар арасында ашық диалог орнады. Қонақтар өздерінің ғылыми ізденістері, зерттеу бағыттары мен оқыту тәжірибелері туралы кеңінен әңгімелеп, заманауи білім беру әдістерімен бөлісті.

Студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасының мүмкіндіктеріне ерекше қызығушылық танытып, шетелдік тағылымдамалар, халықаралық ғылыми жобалар мен әріптестік байланыстар туралы пайдалы мағлұматтар алды. Сонымен қатар болашақ мамандықты саналы таңдау, зерттеушілік қабілетті дамыту және кәсіби өсу жолдары жөнінде де кеңестер берілді.

Мұндай кездесулер білім алушылар үшін ерекше маңызға ие. Олар тек қана теориялық біліммен шектеліп қалмай, нақты ғылым өкілдерімен тікелей байланыс орнатуға, ғылым мен білімнің өзекті мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге университеттер арасындағы серіктестік байланыстарды нығайтып, бірлескен ғылыми жобалардың іргетасын қалайды.

М. Өтемісұлы атындағы БҚУ-дың халықаралық ынтымақтастық бағытындағы жұмыстары осындай бастамалар арқылы жаңа серпін алып, студенттердің білім мен ғылым саласындағы әлеуетін арттыруға ықпал етуде.

***К.К. НУРГАЛИЕВА,***
*Математика мен физика мұғалімдерін дайындау БББ аға оқытушысы*

## «IQ Battle»

**Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ-дың физика-математика факультетінде «IQ Battle» интеллектуалды сайысы өтті.**

Бұл шараның басты мақсаты — студенттердің сыни ойлау қабілетін дамыту, топтық және бірлескен жұмысқа бейімдеу, сондай-ақ командалық рухты қалыптастыру болды. Сайыс 4 кезеңнен тұрды — әр айналымда қатысушылар өз білімдерін, логикасын және жылдам ойлау қабілеттерін көрсетті. Барлық қатысушыларға белсенділігі мен ұйымшылдығы үшін үлкен алғыс! Білім мен интеллект жарысында бәрің жеңімпазсыңдар!



## «Ұстазым - ұлағатым, үлгі - өнегем»

**Қазан айының 1-күні – білім мен тәрбиенің шамшырағы болған ұстаздар қауымы үшін ең айтулы күндердің бірі. Осыған орай, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының 4-курс студенттері «Ұстазым — ұлағатым, үлгі-өнегем» атты мерекелік шара ұйымдастырды. Мақсаты – ұстаздардың еңбегін бағалап, оларға құрмет көрсету, алғыс білдіру.**

Аталмыш шараға қазақ филологиясының профессор-оқытушылар құрамы арнайы шақырылып, студенттердің ыстық ықыласына бөленді. Шара барысында ұстаздарға арнап көркемсөз оқу, музыкалық нөмірлер мен шағын қойылымдар қойылды. Әр студент өз ұстазына деген ризашылығын шынайы жеткізуге тырысты. Мерекелік кеш ұстаздарға ерекше әсер сыйлады. Қазақ филологиясының оқытушылары студенттердің шығармашылық белсенділігіне ризашылық білдіріп, болашақ мұғалімдерге сәттілік тіледі. Ұстаз – мәңгілік мамандық. Сондықтан мұндай шаралар жас ұрпақтың бойында ұстазға деген құрметті, жауапкершілікті арттырып, болашақ маман ретінде тұлғалық дамуына жол ашады. «Ұстазым — ұлағатым, үлгі-өнегем» атты мерекелік кеш тек мереке ғана емес, ұстаз бен шәкірт арасындағы алтын көпірге айналған тағылымды кездесу болды.

***Рану РУСЛАНҚЫЗЫ,***
*Фил-41 студенті*

# Өн әлемі

**Қазақ поэзиясының ірі тұлғасы, ұлттың рухын жырмен өрген ұлы қаламгер Қадыр Мырза Әліге 90 жыл толуына орай, БҚО-ның мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен «Күндер-ай» аймақтық әншілер байқауы өтті. Байқауға мәдени-тынығу жұмысы БББ-ның студенттері тәжірибе алмасу бағытында, көрермен ретінде керемет кештің куәсі болды.**

Облыстық халық шығармашылығының концерт залында өткен Гала-концерт Қадыр Мырза Әлінің мұрағаттан алынған бейнежазбасымен ашылып, «Салтанат» би ансамблінің «Ақжайық жастары» биімен жалғасын тапты. Арнайы тағайындалған әділқазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, қатысушылар марапатталып, жеңімпаз иелерінің әуендерін тыңдаумен жалғасын тапты.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының студенттері – ел ертеңінің мәдениет майталмандары, қоғамдық өмірдің ұйытқысы болар ұйымдастырушылар. Сол себепті де осындай байқаулардың маңызы ерекше.

***Зада БАҚТЫҒАЛИ,***
*МТЖ-43 студенті*



# Театральный роман

*Мосты рушатся, и книги проходят,*
*Но в данном отрезе они-вечность:*
*Победа над хаосом – душ и рек.*

*Марина Цветаева*

В минуты наивысшего напряжения жизни, силы человека мобилизуются, помогая человеку совершать подвиги и чудеса.

Таким было время Войны и после нее. Атланты могли удерживать на себе небесный свод, люди, пережившие войну, сами заново создавали небеса на земле.

Вслед за Сергеем Эйзенштейном, получившем в Алма-Ате возможность снимать свой шедевр «Иван Грозный», в Алма-Ату была эвакуирована Наталья Ильинична Сац, основатель Музыкального Детского Театра в Москве, режиссер, начавшая в 1945 году организацию и создание первого театра для детей и юношества в Казахстане.

Открытие Театра ознаменовалось постановкой спектакля «Золотой ключик», главная роль в которой, роль Буратино, стала первой ролью молодой актрисы, только окончившей курс Бориса Бабочкина во ВГИКе, Аккагаз Мамбетовой, первой казахской травести.

«Золотой ключик» Н.И.Сац открывал двери в мир сказки и волшебства всем детям Республики, раскрывая перед ними огромную, дотоле неизведанную, реальность настоящего искусства.

Мир мифов, преданий, легенд приобретал благодаря новому театру Натальи Ильиничны Сац новое пространство, а мифический дух вновь оживал, почувствовав новые преображения.

«Сказки, когда рассказывали, из-за каждой сказки железный обруч образовывался вокруг того дома, …чтобы плохой дух не мог прийти в дом»,- писал исследователь мифов Д.Лавонен, и именно такое, особое представление о силе сказок и легенд было присуще казахскому народу. Не случайно, идею создание первого детского театра сразу подержали в Республике.

С каждым днем новый театр приобретал своих соратников и единомышленников, новых актеров. В Театре сразу стали играть на двух языках, казахском и русском, показывая спектакли по несколько раз в день.

Как пишет исследователь К.И.Молтобарова: «Любимый герой детворы всех стран, Буратино, в исполнении Аккагаз Мамбетовой покорил всех неуемным юмором, любопытством, хитростью, смелостью, свободной пластикой тела деревянного человечка. Не случайно, народная артистка СССР Наталья Ильинична Сац, часто выступая на Московском телевидении и в прессе, не забывала подчеркнуть, что «Золотым ключиком», она дважды открывала детский Театр, первый –в Москве, второй-в Алмате».

Позже у Аккагаз Мамбетовой были роли в «Красной Шапочке», в «Снежной королеве», в спектакле «Ибрай Алтынсарин», где она играет ученика, роль Акмарал в «Алтын -Сака», роль Камал в «Мятеже». За 12 лет, с 1946 года до 1958 года, актрисой были сыграны 26 маленьких





и больших ролей, большинство из которых были созданы в ее любимом амплуа травести.

Ее учитель, великий русский актер и наставник, Борис Бабочкин строго следя за творчеством своей ученицы , не без удовольствия отмечал все ее успехи, ростки которых был видны еще во время учебы во ВГИКе, а Н.И.Сац, руководя Центральным Театром для детей и юношества в Москве, при любой возможности приглашала свою любимую актрису в Москву.

Аккагаз Мамбетова сохраняла преемственность традиции, оставленную своим учителем Н.И.Сац, относясь к Детскому Театру, как явлению –важному, особенному, невероятно ответственному. Как писал режиссер Рубен Андриасян в одном из своих интервью о работе в детском театре: «Есть такое выражение: «слышно, как трава растет», так поверите, глядя на лица детей, мы иной раз слышим как растут их души».

Жажда творчества приводит Асию Мамбетову, как ласково и с уважением называли ее актеры и казахской и русской труппы, на радио, где она начинает вести цикл передач для детей «Жумбак шал». Ее голос становится узнаваемым, ради нее приходят поклонники в ТЮЗ, а создатели и исполнители программы путешествуют с концертами по Республике, заглядывая не только в большие города, но и в отдаленные районы страны. Она успевает не только в театре и на радио, множество казахских сказок-радиопьес будут записаны ее голосом, также как и анимационные фильмы.

Уже позже, когда актрисе исполнится сорок, не покидая своего любимого амплуа-травести, она пробует себя в ролях драматических: роли Манефы в пьесе А.Островского «На всякого мудреца довольно простоты», роль бабушки в пьесе А.Ташенова и И.Саввина и т.д.

В это же время постоянно совершенствуясь, актриса заканчивает московские высшие режиссерские курсы.

Уроки своих учителей Б.Бабочкина, Н.Сац, И.Завадского, освоив и пережив, Аккагаз Мамбетова уже передавала новому молодому поколению, став ответственным и строгим наставником для молодых актеров двух трупп ТЮЗа.

«Театр - это Храм. Священнодействуй, или убирайся вон!»,- говорил великий русский актер М.С.Щепкин. Именно эту традицию театрального искусства продолжал муж Аккагаз Мамбетовой, народный художник Казахстана Аубакир Исмаилов, окончивший курс театрального мастерства у А.Судакова в Москве, в ГИТИСе. Позже такое же благоговейное восхищение театром появится у младшего и единственного брата актрисы, Азербайжана Мамбетова, режиссера, народного артиста СССР, Хахармана Республики Казахстан. Роман с театром в уже совсем других ипостасях проявился и в жизни двух дочерей актрисы, получивших балетмейстерскую и театроведческую специальности.

Театральный роман актрисы Аккагаз Мамбетовой был полон аншлагов, выходов на бис, «театральных закулис», сомнений и открытий и, главное, через всю жизнь пронесенной веры в театральное искусство как Храм и Священнодействие.

***Айым Муратовна ИСМАИЛОВА,***
*Внучка А.М. Мамбетовой, писатель, эссеист, официальный представитель Фестиваля Земли в Казахстане*

# «Мен – қазақпын!»



**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті филология факультеті Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі білім беру бағдарламасы 2-курс КЯЛангл-21-топ студенттерінің ұйымдастыруымен Ж.Молдағалиевтің туғанына 105 жыл толуына арналған «Мен - қазақпын!» атты әдеби-музыкалық кеш өтті.**

Жұбан атамыздың елге сіңірген ерен еңбегін ұрпаққа қастерлеуге, құрметтеуге, өзінен қалған мұраларын сыйлауға тәрбиелеу мақсатында өткен бұл ерекше форматтағы кешімізге ақын, Жұбантанушы Үзілдік Елеубайқызы, факультетіміздің зейнеткер ұстазы, ф.ғ.к., БҚУ профессоры Зейнолла Жақсылықұлы қонақ ретінде шақырылды.

Кездесуде филология факультеті деканы PhD доктор А.А.Акбулатов, филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушы А.С.Аханова, топ кураторы аға оқытушы Р.Ж.Сисенбаева сөз сөйлеп, Ж.Молдағалиевтің ерен еңбегін, атқарған істерін тілге тиек етіп, келген қонақтарға шын ықыластарын білдіріп, осындай әдеби-музыкалық кештің маңыздылығын атап өтті. Студенттердің орындауындағы қазақтың ұлттық биі мен Ж.Молдағалиевтің сөзіне жазылып, шырқалған әндері, мәнерлеп оқылған өлеңдер, ақынның ерлігі баяндалатын арнайы көрініс кеш көргін қыздырды. Жұбан атамызға ақындарымыздың арнайылап шығарған өлеңдері де оқылып, сұрақ-жауап айдарында қонақтарымыз Ж.Молдағалиевтің өмірінің қызықты тұстарын, зерттеген еңбектерін ыстық ықыласпен әңгімеледі.

Ж.Молдағалиевтің туғанына 105 жыл толуына арналған әдеби кеш ақын өмірінің қызықты жылдарын, иеленген марапат қызметтерін, сыйластық пен еңбегін, даналығын дәріптеді. Студенттер бұл шарадан үлкен тәлім алып, өнермен де, біліммен де сусындады десек, артық етпейді. Ұлттық сананы, рухани болмысты сезінді. Мұндай әдеби-музыкалық кеш жастардың рухани дүниесін байыта отырып, қоғамдағы орындарын біліммен, ғылыммен табатынына сеніміміз мол.

***Баянсұлу ҚАЛЕН,***
*КЯЛангл-21-топ студенті*

# Қарттарды қадірлеу – мейірімділік белгісі

**Қазан айы – жүректерге жылу ұялатар, мейірімділік пен қамқорлықтың айы болып табылады. Осыған орай, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультеті, мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының студенттері мен кураторларының ұйымдастыруымен «Қарттарды қадірлеу – парызымыз» атты мерекелік концерт өткізілді. Бұл тағылымды шара Орал арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ардагер қонақтарына арналды және оларға деген шынайы құрмет пен алғыс сезімінің көрінісіне айналды. Концерттің шымылдығы ардақты қарияларға арналған жүрекжарды құттықтаулармен ашылды. Жүргізушілер көрермендерді жылы лебізбен қарсы алып, қарияларымыздың қоғамдағы орны, өмірлік тәжірибесі мен даналығы жайлы терең ой қозғады. Сахна төрінен сөз алған Орал арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры орынбасары Әсемгүл Ерланқызы барша ұйымдастырушылар мен студенттерге ризашылығын білдіріп, қарттар қоғамының рухани тірегі екенін атап өтті.**




Мерекелік кеш барысында жиналғандарға студенттердің орындауындағы ән мен күй, би мен поэзиядан құралған әсерлі концерт ұсынылып, «Қазақ» биі мен домбыра пернесінен төгілген күмбірлеген күйлер кештің көркін аша түсіп, көрермен көңілін елжіретті. Сонымен қатар, орыс ақыны Сергей Есениннің «Письмо матери» атты өлеңін тебірене оқып, кешке әдеби әр берді.

Концерт соңында жүргізушілер барлық қонақтарға шынайы алғысын білдіріп, қарияларға ұзақ ғұмыр, денсаулық пен шаттық тіледі. «Қарттарын сыйлаған ел – қазыналы ел» деген дана халқымыз. Осы бір тағылымды шара – қарияларға құрмет көрсету арқылы жастарды үлкенге ізет, кішіге қамқор болуға тәрбиелейтін өнегелі үрдістің жалғасы іспетті.

# Respect from the Heart for Teachers

**The first week of October is traditionally celebrated as Teachers' Day — one of the most cherished holidays for all educators who work tirelessly in the field of education and personal development. On this occasion, students from groups FL(IP)-21 and FL(IP)-23 of the Faculty of Philology organized a special festive evening dedicated to their teachers.**

The main purpose of the event was to express respect and gratitude toward teachers for their hard work, as well as to showcase the students' creative abilities. The evening was attended by faculty lecturers, active students, and guests. The hall was beautifully decorated, creating a warm and friendly atmosphere. The festive program was conducted in three languages — Kazakh, Russian, and English. This highlighted the students' multilingual skills and professional competence. During the event, various entertaining games were played, and students expressed their heartfelt wishes and gratitude to their teachers. Beautiful songs were sung, touching poems were read, and lively dances were performed.

One of the most memorable moments of the evening was a video greeting prepared by the students for their teachers. In it, each student expressed sincere appreciation and heartfelt wishes to their mentors. At the end of the evening, the Deputy Dean of the Faculty of Philology, Albina Akhanova, delivered a speech and thanked the organizers for the wonderful event. In her words: "Such events strengthen the spiritual bond between teachers and students. Today's youth demonstrate great activity and creativity — they are the bright future of our nation."

The event was organized at a high level and left a deep impression on everyone present. Respect and gratitude toward teachers filled the atmosphere. This celebration was not just an evening of joy, but also a symbol of the spiritual connection, mutual respect, and heartfelt appreciation between teachers and students. Such wonderful traditions will surely continue, fostering students' creativity and further strengthening their respect for teachers.

***Ayaulym KIZATOVA, Karashash KADYRYKHAN,***
*Group Leaders of FL(IP)-21 and FL(IP)-23*



# ҚОС МЕРЕКЕ ҰЛЫҚТАЛДЫ

**Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары қызметкерлері күні мен Ұстаздар күніне орай мәдениет және өнер факультетінде «Білім қанатында — өнер санатында» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.**

Бұл қос мереке — білім мен ғылым жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген ұстаздар мен қызметкерлерге деген терең алғыс пен құрметтің белгісі. Мерекелік кештің шымылдығын жүргізушілер салтанатты құттықтау сөздермен ашып, оқу ордамыздың барлық қызметкерлері мен ұстаздарын кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтады.

Салтанатты шара барысында мәдениет және өнер факультетінің деканы Қарлығаш Қажымова құттықтау сөз сөйлеп, оқу ордасының өркендеуіне үлес қосып жүрген қызметкерлерге алғыс хаттар табыстады.

Концерттік бағдарлама студенттердің өнерімен жалғасын тауып, вокалдық және аспаптық өнер мамандықтарының талантты жастары көрерменге әсерлі әндер мен әуезді әуендер тарту етті. Олардың орындауындағы халық әндері, әлемдік классикалық шығармалар мен патриоттық туындылар көрермен жүрегінен орын тауып, ұстаздар қауымын ерекше әсерге бөледі.




Концерттік бағдарламада вокалдық өнер мамандығының 2 курс студенті Әділғали Жақсығали А.С. Пушкиннің сөзіне жазылған «Я вас любил...» шығармасын орындады. 4 курс студенті Алан Мерғали «Япыр-ай» атты халық әнімен көрермен көңілін тербеді. Аспаптық өнер мамандығының 1 курс студенті Жарқын Жанғуат Ф.Шопеннің «Вальс до диез» туындысын шебер орындап шықты. Сонымен қатар Мадина Актамова, Нұржігіт Құсайын, Аянат Шынболатқызы, Қасым Амантайұлы, Айкөркем Бисембаева, Асхат Байдаулетов сынды студенттердің де өнері зор қошеметке ие болды. Концерт барысында жүргізушілердің арнау өлеңдері мен жүрекжарды лебіздері кештің мазмұнын тереңдете түсті. Ұстаздарға арналған поэтикалық жолдар көрермендердің ерекше ықыласына бөленіп, мерекенің шынайы рухын сезіндірді.

Шара соңында жүргізушілер ұстаздар мен ЖОО қызметкерлеріне деген шынайы алғыстарын білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді: «Ұстаз – ұлы сөз, ұлы міндет». Сіздер білімнің, тәрбие мен өнегенің шырақшыларысыздар. Әрбір студенттің жүрегіне жол таба білетін, арман-мақсаттарына жетелейтін асыл жансыздар. ЖОО қызметкерлері – бұл ұжымның тірегі, тынысы. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында оқу орны дамып келеді. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!». Осылайша, «Білім қанатында — өнер санатында» атты концерт бір мезгілде рухани-мәдени шара мен алғыс айту мерекесіне айналды. Ұстаздар мен қызметкерлердің мерейін өсіріп, студенттердің өнеріне шабыт берген бұл кеш барша қатысушылардың есінде ұзақ сақталатыны анық.

***Әділғали ЖАКСЫҒАЛИ,***
***Дильназ КУЛОВА,***
*Вокалдық өнер мамандығының студенттері*

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ (Journalist)

№9 (84), қазан 2025 жыл

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Дарабоз жыр-қыран

# Жұбан жыры – ұлттық сана тірегі



Қасиетті қазақ әдебиетінің кемел классигі, қайталанбас қарымды да қабырғалы қаламгері Жұбан Молдағалиев туралы әдебиеттану теоретигі, академик Зейнолла Қабдоловқа сүйене айтар болсақ, *«Жұбан ақын - қазақ поэзиясындағы, әдебиетіміздегі ірі құбылыс. Ол Оралдың ғана ақыны емес, қазақтың Жұбаны»*. Көрнекті ақын Жұбан Молдағалиев – адамзаттық, азаматтық мәселелерді көркем поэзия тілімен бейнелеп, ұлттық поэзиямызды қайталанбас жыр жауһарымен байытқан, соңына мол шығармашылық мұра қалдырған зор талант иесі.

Ақ Жайықтың киелі топырағында дүние есігін ашып, қыран құстай қияға самғап, алты Алаштың Жұбанына айналған ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығына орай 2020 жылы тұңғыш энциклопедия өз оқырмандарына жол тартты *(Жұбан Молдағалиев. Энциклопедия / Бас редакторы А.С.Қыдыршаев. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2020. -608 б.+16 б. түрлі түсті фотосурет)*. Бұл біздің батысқазақстандықтар үшін зор мақтаныш болды. Басылымда Жұбан ақынның ерлік пен азаматтыққа, өршіл рухқа, перзенттік парызға, туған халқына шексіз сүйіспеншілікке толы өмір жолы мен әдеби мұрасы жинақталып, тұлға туралы жазылған замандастарының, әдебиет зерттеушілерінің еңбектері туралы мол деректер топтастырылды. Сол тұста Батыс Қазақстан облысының әкімі болған Ғали Есқалиев*: «Бұл энциклопедия - елдігіміздің, ақынға шексіз құрметіміздің белгісі»*, - деп еңбекті жоғары бағалап, осы құнды еңбекті баспаға дайындаған редакция алқасына зор алғысын айтқан-ды...

**Жұбан ақын** *- мәңгілік махаббатты шебер жырлаушы лирик ақын.* Мәселен, Жұбан ақынның *«Мен қазақ әйеліне қайран қалам»* атты атақты өлеңінде тарихтың тәлкегіне көне жүріп, небір қиыншылықты басынан өткізсе де аналық бейнесін сақтаған әйелді дүниенің бар салмағын көтерген жермен теңестіруі қандай сәнді десеңізші! «*Мен қазақ әйеліне қайран қалам, Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған. «Қатынның шашы ұзын, ақылы қысқа», Дегенді айттың екен қайдан, бабам?.. Әжелер секілді бір батыр маған, Ықпаған нажағайдан сатырлаған. Қазақтың еш әйелі өз ырқымен, Ешкімге, еш алтынға сатылмаған... Сарадай ақын болған, би де болған, Динадай дана, дарқан күй де болған. Найза алып, қол бастаған, жауға шапқан, Бал-бұл гүл, бақта бұлбұл, түзде балуан... Мен қазақ әйеліне қайран қалам! Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған. Сол менің жүрегімнің ханышасы, Жыр шоғын ұсынамын Айдан да оған*». Иә, Жұбан сынды тұлғалы ақын ағамыздың бұл өлеңі қазақ әйеліне сөзбен тұрғызылған өшпейтін ескерткіш *(Жұбан Молдағалиев энциклопедиясы, 13-бет)...*

**Жұбан Молдағалиев –** *көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері бүгіндегі ақын.* Оның қайраткерлігі 1953-1983 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші, бірінші хатшысы болған жылдарында айрықша танылды. Ал дүниені сілкіндірген 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезіндегі азаматтық позициясының айқындығы, өз ұлтын ерекше сүйетін өр рухы бүгінге дейін аңыз болып айтылуда. Бүгінгі қазақ ұрпағы сол кездегі оқиғаға жаны ауырып, жастарға араша түскен бірлі-жарым зиялы қауым өкілдерін құрметпен еске алады. Сол құрметке ие азаматтардың бірегейі - ақын Жұбан Молдағалиев. Осы жолы *«Желтоқсанның көргенше он алтысын, Бір күн бұрын батсамшы, батар күнмен»* деп жүрекжарды шындығын жеткізген ақын жүрегіне сызат түскен сыңайлы. Сол жиындағы стенографиялық жазбада былай деп жазылған: ***«Что хотите от моего народа, дорогой товарищ? Казахстан был лабораторией дружбы народов. Отняли у нашего народа все. И верю, и язык. Ваши братья поднимая целину, (топтали) тракторами степных (могил) моих предков. И это мы простили. Что еще хотите?.. Я не могу быть вашим сторонником!»*** - деп, ақырын басып, мінберден түсіп кетеді. Бұл сөздерді тоталитарлық режим кезінде республиканың бірінші басшысына қарата тайсалмай айту - ердің ерінің қолынан келетін ерлік. *Жұбан ағаның бұл батылдығы - қазақ жастарына мәңгі үлгі! (Энциклопедия, 14-бет)...*

**Жұбан Молдағалиев** - *азамат ақын.* Оның шығармаларының бойынан азаматтық әуен еседі және тақырып ауқымы кең, түйіп айтар ойы сабақтасып келеді. Ақын саяси тақырыптан азаматтық ұғымға, туған жер тақырыбынан философиялық толғам тудыруға оңай ауысып отырады. Жұбан Молдағалиев - лирикалық туындылары мен әдеби сын еңбектерін айтпағанның өзінде артына қомақты эпикалық мұра қалдырған ақын... Жұбан ақын өз оқырмандарының жадында ұлтын сүйген азаматтық үнімен қазақ поэзиясының поэма жанрын жаңа бір белеске көтерген эпик ақын ретінде сақталуда. Қарымды қаламгердің қаламынан туған поэмалары тоталитарлық кеңес заманында өскелең ұрпақты отаншылдыққа, ерлік пен жігерге, әсіресе, ұмытылып, өшуге айналған ұлттық рухты қайта тірілтіп, ел мен жердің өткен тарихына құрметпен, мақтанышпен қарауға үндейді.

Қазақстанның халық жазушысы Жұбан Молдағалиев поэзиясы - ұлт әдебиетінің алтын қорынан ойып орын алатын руханият жауһарларының бірі. Ұлт поэзиясына үлкен жаңалық әкелген ақынның шығармашылық әлемі аса бай әрі жан-жақтылығымен назар аудартады. ***«Мен - қазақпын»*** деп әлемге жар салған Жұбанның лирикалық және эпикалық туындылары қазақ асыл сөзінің қайнар бұлағына айналып, өлең сүйер, өнер сыйлар әр оқырманның жүрегін жаулар дүниеге айналып үлгергені кәміл. Ақын поэмалары ішінде халықтық шығармаға айналып кеткен, республиканың әдеби-мәдени өмірінде үлкен толқу, жаңалық әкелген поэмасы - ***«Мен - қазақпын»*** *туындысы.* Бұл дастан кеңестік дәуір әдебиетінің де үлкен жетістігі қатарында. Поэма қазақ ұлтының рухын ұштап, мәртебесін биіктеткен, ұлт тұлғасын аспандатқан шығарма... Демек, ***«Мен - қазақпын»*** *поэмасы* - тарихи шығарма. Ақын поэмасына арқау еткен тарихи оқиғалар ойдан шығарылған қияли фантастика емес, нақты деректер негізінде дүниеге келген тарихи шындық. Ол халық тарихының кезең-кезеңдерін өз басынан өткізгендей күйде суреттейді. Қазақты *«мен»* деп жырлайды. Қазақтың барлық өткен тарихын сол лирикалық *«меннің»* бойына жинақтайды. «*Мен - қазақпын, мың өліп, мың тірілген, Жөргегімде таныстым мұң тілімен. Жылағанда жүрегім, күн тұтылып, Қуанғанда, күлкімнен түн түрілген... Мен - қазақпын, биікпін, байтақ елмін, Қайта тудым, өмірге қайта келдім. Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске, Айта бергім келеді, айта бергім!..*»

Ұзын сөздің қысқасы, қысқа сөздің нұсқасы, Жұбан жыры бүгінгі жаңа ұрпақ санасына бойлауы тиіс. Бұл ретте ақын Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында дәстүрлі түрде өткізілетін *«Жұбан оқуларының»* маңызы аса зор. *Жұбан жырының құдірет-күші неде?* Жұбан жыры – ұлттық рух, ұлттық сана тірегі. Жұбан сынды мінсіз сөзді, кірсіз арлы азаматтың, парасат биігіндегі ақыл иесінің тұғырлы тұлғасы күллі Алаш әлеміне, келешек жаңа ұрпаққа өшпес өнеге. Жұбанның көзі тірісінде жасаған ерліктері өз жырын арнаған халқының әркез жадында болмақ. *Жұбан жыры* сан қырлы талант иесін, ерекше ерен елжанды азаматты жете тануға, сан қилы адами қасиетті жұғысты қылуға жетелейді. Жұбан туындылары адамзат әлемін сан тарау қалыпта толғанысқа түсіреді. Жұбан шығармалары өзіндік құндылығымен, заманаға сайлығымен, шынайы шындығымен, байыпты байсалдылығымен, философиялық-танымдық табиғи тұңғиық ойымен бағалы. Демек, намыс пен жігерге толы ақын жырын жас ұрпақ жаттап өсуі тиіс. *«Жұбан оқуларының»* құндылығының бір қыры осы тұста. *Жұбан жыры* – жастарды толағай табысты тұлғалыққа баулуда әркез қажет-ақ. Егемендігімізді еңселендіре түсуге, елжанды ұрпақ баулуда теңдессіз тәрбие дәнекері. *Жұбан жыры* қазақтың дарынды, елін, жерін, тарихын, тілін сүйетін, жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мен мәдениеті мол саналы ұрпақты баулуға бірден-бір сеп. *Жұбан жырын* тамсана әрі тұщына оқи білген әрбір тұлға еліміздің қилы саласында адал еңбек етері, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін еселей қосары даусыз. Жұбанға тән ақындық пен батырлықты өз бойына жұғысты ету, ақын есімін ардақтау, тұңғиық ойға толы өлең-жырларынан ой түйіп өскен жас ұлан қазақ елінің рухы биік азаматы болып қалыптасары айқын. *Жұбан жыры* қазақ ұлтына отты ұл болудың, текті, беделді де бетті қыз болудың, адал еңбек етудің, адал табыс табудың, адал адам болудың бақыт екенін сезіндіреді. *Жұбан жыры* – ел ертеңіне қызмет етудің анық өнегесі. Қазақ қайраткерінің қайраты мұқалмау үшін, жалынды жігері ортаймау үшін, Ұлы Дала өлкесін сүйіп, оған кіршіксіз адал қызмет ету үшін Жұбан жырының оқылуы міндетті. Біле білсек, поэзия шешендік дағдыны ұялатады. Олай болса, *«Жұбан оқулары»* жастарды шешендік мәнерге баулиды. *Жұбан жыры* – ел тағдырын, тарихын, халықтың мұң-мұқтажын, оның шынайы тыныс-тіршілігін, бүгіні мен ертеңін, ерлігі мен батырлығын, шешендігі мен даналығының түп-тұнық тұнбасы. *Жұбан жыры* – тағылымды ғибратқа толы өркенді өнеге үлгісі.

Демек, Жұбан сынды ақынның өршіл рухты үні қашан да қазақ халқымен бірге. *«Жұбан оқулары»* құндылығының бірер арнасы осы. Себебі *Жұбан жыры* – құдіретті де қасиетті рухани үн аксиомасы. Жұбан жырының құдіреті – ұлттық рухтың, ұлттық сананың тірегі болуында.

***Абат ҚЫДЫРШАЕВ,***
*Қоғамдық даму департаментінің директоры, "Ұлттық құндылықтар академиясы" республикалық қоғамдық бірлестігінің Батыс Қазақстан облыстық филиалы кеңесінің төрағасы,*
***Аяулым ҚЫДЫРСИХОВА,***
*Қоғамдық даму департаментінің әдіскері*

■ *Университет имиджі*

# АДАЛ ЕҢБЕК ИЕСІНІҢ МАРАПАТЫ

**2025 жылғы қазан айының 16-17-сі күндері Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына орай халықаралық және республикалық көлемдегі кешенді іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған университеттің мерейтойлық шарасына Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев қатысты. Профессор Абат Сатыбайұлы тарапынан іссапар барысында «Досмұхамедов оқулары – 2025: Ғылым мен білімнің дамуындағы заманауи инновациялар және жасанды интеллект» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының секциялық мәжілісінде «Халел Досмұхамедов және жоғары оқу орнында ритор-педагог тұлғасын қалыптастыру мәселесі» тақырыбында ғылыми баяндама жасалды.**




Университет мерейтойы барысында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры Абат Сатыбайұлының авторлық *«Іскерлік шешендіктану»* кітабының таныстырылымы ұйымдастырылып, ғалым *«Университет ғалым ұстазы – мінсіз сөзді, кірсіз арлы ақыл иесі»* тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Халел университетінің ғылыми кітапханасына, профессор-оқытушылар құрамына және студенттеріне *30* кітап тарту етілді.

Мерейтойлық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы үстінде **Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов** сөз алып, университеттің дамуына қосқан зор үлесі, адал еңбегі және жоғары кәсіби шеберлігі үшін профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевты Атырау университетінің 85 жылдық мерейтойлық төсбелгісімен марапаттады.

Ұлы Дала данышпаны, қазақтың ақыл-парасатымен, тапқырлығымен аты аңызға айналған дуалы ауыз шешені Жиренше: *«Қадірлі болғысы келген кісіге үш серік керек: бақ, дәулет, ырыс»* деген-ді. Ендеше, профессор Абат Сатыбайұлыны кезекті марапатымен құттықтап, *бақ қонғай, дәулетіңіз мол болғай, ырысыңыз тасығай демекпіз!*

***Ермек ЖЕМЕНЕЙ,***
*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*
***Аяулым МҰРАТХАНҚЫЗЫ,***
*Қоғамдық даму департаментінің әдіскері*

## Құттықтаймыз!



*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұжымы атынан философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы **Гүлнара Болатқызы Мулдашеваны** мерейлі жасымен құттықтаймыз. Гүлнара Болатқызы – философия ғылымына және білім беру саласына зор үлес қосқан, өмірін жастарға сапалы білім мен адамгершілік құндылықтарды дарытуға арнаған ұлағатты ұстаз. Ол өзінің кәсіби біліктілігімен, парасат-пайымымен және жоғары мәдениетімен әріптестері мен шәкірттерінің құрметіне бөленіп келеді. Ұстаздық жолындағы еңбегі мен адамгершілік болмысы – баршаға үлгі. Гүлнара Болатқызының еңбегі университеттің рухани-мәдени өмірін байытып, жас ұрпақтың дүниетанымдық қалыптасуына зор ықпал етіп келеді. Құрметті Гүлнара Болатқызы! Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр және шығармашылық табыс тілейміз!*

***М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұжымы***

# ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

**Шежірелі тарихы бар Махамбет университетінде шағын футболдан дәстүрлі спорттық дода өз мәресіне жетті. Бұл жолғы турнир ҚР Жоғары білім қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылды. Екінші мәрте жалауын көтерген жарысқа оқу орнының түрлі бөлімдері мен факультет командалары тыңғылықты дайындықпен қатысып, жоғары деңгейдегі ойын өрнегін көрсетті.**

Шаршы алаңға шыққан әр ойыншы жеңіс үшін бар күшін салды. Әрбір кездесу тартысқа толы өтті. Тамаша соғылған голдар, қақпашылардың шебер қимылдары көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Әсіресе, соңғы сәттерде матч тағдыры пенальти сериясында айқындалғаны тартыстың жоғары болғанын дәлелдей түсті. Нәтижесінде бағы мен бабы қатар шапқан үздіктер анықталды. Жарыс қорытындысы бойынша үшінші орынға – Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық кафедрасының командасы, екінші орынға – Дене тәрбиесі кафедрасының құрама командасы ие болды. Ал басты жүлде Әкімшілік бөліміне бұйырды. Турнир барысында үздік ойыншылар арнайы номинациялар бойынша марапатталды. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл спорттық шара университет ұжымының бірлігін арттырып, салауатты өмір салтын насихаттауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан аталған турнир алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын табатын болады.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨҢДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

***МЕНШІК ИЕСІ:***
***М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.***
***Газет айына бір рет шығады.***

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 680

***РЕДАКТОР:*** Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ
***ТІЛШІЛЕР:***
Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК, Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ
***БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:***
Асель АБДУЛЛИНА

***ФОТОСУРЕТ:***
Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. тел.: 50-51-48, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www. wksu.kz., e-mail: orken.gazeti@mail.ru